

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

# BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

№ 3/2023

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2023

---

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

---

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**

Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,  
Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**

Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана,  
Казахстан

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4

Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 10.10.2023 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

---

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute  
Institute, Astana, Kazakhstan  
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute,  
Astana, Kazakhstan

**Editorial Board**

<b>Aimuhambet Zh.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Aktayeva K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
<b>Absadyk A.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Bredikhin S.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
<b>Yermekova T.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
<b>Yesirkeпова K.K.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Zhusipov N.K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
<b>Kurbanova M.M.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
<b>Kamzabekuly D.</b>	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Kuryzshyan L.A.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
<b>Oner M.</b>	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
<b>Pimenova M.V.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
<b>Seifullina F.S.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2023 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

---

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АВЫЛОВА Г.Е., АРИПЗХАН Г.Ж.	The concept of time in the ancient turkic written monuments.....	7
НУРГАЗИНА А.Б., ТЛЕШ Қ.Е., АЮПОВА Г.К.	Художественный концепт «форсайты» в пространстве текста и способы объективации его смысла.....	20
РАМАЗАНОВ Т.Б., АХМЕТ А.Н., ШОРМАКОВА А.Б.	Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте.....	38
САГИДОЛДА Г., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., САПАРНИЯЗОВА М.	Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «иман» тұжырымдамасы.....	56
ШАҚАМАН Ы.Б.	Сөз гешталты.....	72

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АДАЕВА Е.С.	Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері.....	85
АЛИМБАЕВ А.Е.	Ежелгі жыр-дастандардағы елдік пен қаһармандық.....	102
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М. ОРАЗБЕК М.С.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы қала бейнесі.....	115
АХМЕР Б.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., Курмамбаева К.С.	Серікбол Қондыбайдың «Ілкі төр» концепциясының символдық-мифопоэтикалық мәні.....	126
ӘБСАДЫҚ А.А., ДОСОВА А.Т.	«Қырық мысал»: жинақтың жариялану тарихы және оның Абай шығармашылығымен үндестігі.....	139
ТҮСІПОВА Г.Б., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Алаш кезеңіндегі аударма: Ж.Аймауытұлы – ДЖ.Лондон әңгімелерін қазақ тіліне тұңғыш аударушы.....	156
ZHARYLGAPOV ZH.ZH. SYZDYKOVA V.E.	The concept of archetype in literature and Jung's theories.....	172
КЕРІМБЕКОВА Б.Д.	Дулат Исабеков прозасындағы юмор мен сатира («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі негізінде).....	185
ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӨРСЕНБАЕВА Ж.Б., ХУАТБЕКҰЛЫ Е.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа тенденциялар (А. Елгезек, Б. Қарағызұлы, Е. Жүніс шығармалары негізінде).....	197
ОМАРОВ Б.Ж.	«Панчатантра», «Кәлила мен Димна» және қазақ мысалы: сюжет пен трансформация.....	214

---

САҒЫНАДИН Г. Эстофольклортанудың кейбір ғылыми-теориялық мәселелері..... 231

ТОҚСАМБАЕВА А.О. Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы  
ҚАДЫРОВ А.Қ. хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі..... 242

ҚАБЫШЕВ Т.Б.

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА  
И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АЗАТБАҚЫТ А.А., М.Әуезов әңгімелерін оқытудың ғылыми-теориялық  
КАРТАЕВА А.М., негіздері..... 260

ТАМАЕВ А.Т.

ASAVBAEVA G.B., Teaching languages in technical universities..... 272

YEREZHNEPOVA S.K.

ZHUMSAKBAYEV A.T.

ХҒТАР 17.01.39

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.13>**Б.Д. КЕРІМБЕКОВА** 

Сулейман Демирель атындағы университет, Қаскелең, Қазақстан  
(E-mail: [bayan.kerimbekova@sdu.edu.kz](mailto:bayan.kerimbekova@sdu.edu.kz))

**ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЮМОР МЕН САТИРА**  
(«Бонапарттың үйленуі» әңгімесі негізінде)

**Аңдатпа.** Аталған мақалада автор қазақтың көрнекті қаламгері Дулат Исабековтің шығармашылығы, жазушының дербес қолтаңбасы мәселесімен қатар, жазушы прозасындағы мінез сипатына қатысты жазылған іргелі зерттеулер мен ондағы маңызды пікірлерге сілтеме жасайды. Д. Исабеков шығармашылығына қатысты ғылыми еңбектерге кеңінен тоқталып, қаламгер әңгімелерінің зерттелу деңгейіне баға береді, бүгінгі күнде жазушыны қай қырынан зерттеу керек деген сұраққа жауап іздейді. Осы мақсатта мақала авторы жазушы, драматург Д. Исабековтің «Бонапарттың үйленуі» әңгімесіндегі юмор мен сатира мәселесіне басты назар аударады. Нақтырақ айтар болсақ, юмор мен сатираның әдебиеттегі адам жаның, мінезі мен болмысын көрсетудегі негізгі әдеби құрал екендігі, оны қолданудағы жазушы шеберлігі мен негізгі идеяны берудегі қызметіне теориялық талдау жасалады. Бұл тұрғыдан келгенде мақаланың өзектілігі анық байқалады.

Зерттеудің мақсаты – жазушы Дулат Исабековтің аталған әңгімесіндегі юмор мен сатираны қолданудағы шеберлігін, аталған әдеби категориялардың кейіпкер мінезін көрсетудегі әлеуетін әңшіме арқылы анықтау. Мақала авторы бір қарағанда юмордың мақсаты күлдіру сияқты көрінгенімен, оның астарында салмақты ой жататынын нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Д. Исабековтің әрбір кейіпкерінің юморының бір-біріне ұқсамайтындығын, авторлық қолданыстардан ұлт психологиясын тануға болатынын анық аңғартады.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері әдіснамалық ұстанымдармен, филологиялық тұрғыдан юмор, сатира, сатиралық образ, кейіпкер мінезі мен авторлық ұстанымға қатысты ғылыми-теориялық зерттеулер мен бірге әдебиеттану саласындағы тұжырымдамаларымен анықталды. Еңбектің практикалық мәні филология бағыты бойынша білім алушылар мен ізденушілер үшін жоғары болмақ.

**Түйін сөздер:** әдебиет, проза, сатира, юмор, мінез, образ

**Кіріспе.** Қазақтың қабырғалы қаламгері, белгілі жазушы-драматург Дулат Исабеков шығармашылығы – ұлттық әдебиетіміздің биіктігін

байқататын, қазақ прозасының әлемдік деңгейде иық тіресе тұра алатынын дәлелдейтін дүние. Дулат Исабековтің прозасы қай заманда болмасын жақсы оқылды. Автордың қаламынан туған «Шалдар», «Кемпірлер», «Қара шаңырақ», «Сүйекші», «Гауһар тас», «Бонапарттың үйленуі», «Әпке», «Екі жиырма», «Мұрагерлер», «Ескерткіш», т.б. сынды әңгіме-повестерімен қатар «Қарғын» романын оқырман әлі де іздеп жүріп оқиды. Қарымды қаламгер Әбдіжәміл Нұрпейісов өзінің бір пікірінде: «Дулат творчествосындағы жазушылық ұстанымына тән бір ерекшелігін айтпай кетуге болмайды. Ол – Дулаттың түптің түбінде кішкентай адамдардың тағдыры жөнінде үлкен бастауды Бальзактан алып, оны кейін орыстың ұлы жазушылары Гоголь, Достоевский, Чехов, Горькийлер мейлінше жеріне жеткізіп, жан-жағынан алып, кең қамтып жазып еді. Оны бізде, кезінде өзінің әңгімелерімен Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, енді бүгінде Дулат Исабеков әлем әдебиетінде үлкен орын алған осы тақырыпты атақты үш повесі «Дермене», «Сүйекші», «Тіршілікке» бірыңғай арқау қылып алып отыр» деген болатын [1].

Дулат Исабеков шығармашылығы хақында қазақ әдебиеттану ғылымында біршама ғылыми-теориялық еңбектер, кандидаттық диссертациялар жазылып, сыни-әдеби зерттеулер жасалынды. Жазушының дербес қолтаңбасы, повестеріндегі ұлттық мінез сипаты, прозасының көркемдік әлемі, т.б. тақырыптар арнайы зерттеу нысанына айналды. Біз аталған мақаламызда Д. Исабековтің «Бонапарттың үйленуі» әңгімесіндегі юмор қолданысын анықтап, оны комедияның бір элементі ретінде ой ұшқырлығы, абсурд, сарказм, сатира, ирония сияқты концептілермен қатар қойып қарастырамыз.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Юмор тарихы сонау көне дәуірден бастау алады. Ф. Иврарард аталған терминнің адамның көңіл-күйін оның қаны, лимфасы, өт жолымен байланысты зерттеген Гиппократтың медициналық теориясында ұшырасатынын жазады. Орта ғасырда юмор термин ретінде ағылшын тіліне француз тілінен еніп, ең алдымен, физиологиялық-патологиялық өлшем ретінде қолданылған екен. Р. Эскарпиттің пікіріне жүгінсек, француздар *humeur / humor* дихотомиясын XXVIII ғасырдың соңында ғана ажыратады. Осылайша медицинадағы юмор түсінігі мен рационалды механизм ретіндегі юмор бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Ағылшын тілінде мұндай тілдік айырмашылық байқалмайды, латынның *umor* сөзінен келіп, екі ұғымды да қамтиды.

XXVII ғасырда «юмор» термині ақырындап комедиялық сипат иеленіп, нәтижесінде күлкі әкелетін, күлдіретін адам *humorist* деп аталатын болған. Осылайша, юмор күлкілі оқиға немесе ерекше қызықты факт айту өнері ретінде қарастырыла бастады. Ал жек көру мен мазақтау болса нашар юмор ретінде талданады. Сол уақыттағы моралистер ызалы күлкінің орнына «дұрыс ниетті күлкі» терминін қолдануды ұсынады, дегенмен кейін бұл ұғымның



барлығы юмор сөзінің аясына топтастырылды. XIX ғасырда «юмор» сөзінің жағымды коннотациясы философиялық сипатқа ие бола бастайды. А. Шопенгауэр юморда артистизм мен поэтикалық мінез басым екендігін айтады. Ол Германияда XIX ғасырдың алғашқы жартысында «юмор» терминінің комикалықтың синонимі ретінде қолданыла бастағанын анықтайды [2, 282].

Сатира мен юмордың поэтикасын зерттеуде белгілі орыс әдебиеттанушылары мен ғалымдарының да еңбектері бар. Олардың қатарында Я. Эльсбергтің, Л. Тимофеевтың, М. Бахтиннің, Ю. Борьевтің, Ю. Маннның еңбектерін айтуға болады. Ал қазақ әдебиеттану ғылымында Т. Қожакеев, М. Тілеужанов еңбектерінде кеңес дәуіріндегі қазақ сатирасының даму кезеңдері, теориясы мен тәжірибесі мәселелері сөз болады. Б. Майлин, С. Торайғыров творчествосын зерттеу барысында әдебиеттанушылар Б. Кенжебаев, Т. Нұртазин, т.б. еңбектерінде сатира мен юмор поэтикасына байланысты тұжырымдар кездеседі. Қазақ әдебиетіндегі сатира мен юмор поэтикасы- өзіндік ерекшелігі бар, бастауы әріде жатқан, даму үрдісіндегі дәстүрлі құбылыс болып табылады. Мұның бастауы өзіміздің фольклорымызда жатыр.

**Талқылау мен бақылау.** Юмор мен сатира – әдебиетте ғана емес, театр, кино сынды өнердің өзге де түрлерінде автор идеясын жеткізуші көркемдік категория ретінде біршама зерттелінді. Юмор дегеніміз - сөзбен, сөздің уытымен күлдіру. Әдебиеттанушы теоретик ғалымдар юмордың парадокс, ирония, оксюморон немесе сөз ойнату, пародия, сатира, сарказм, тағы басқа түрлерін ажыратып көрсеткен. Юмордан анекдот немесе әзіл-қалжың, монолог, диалог, каламбур секілді әдеби формалар туады. Юмордың ең бір сирек кездесетіні, жоғары ойлау қабілетін талап ететіні - интеллектуалды юмор.

Көптеген ғалымдар арасында юмор мен тапқырлық (остроумия) бір ме, қайсысы бірінші пайда болған? деген мәселе төңірегінде дау бар. Зерттеулердің көбі генеологиялық аргументке сүйене отырып, юмордың тапқырлықтан пайда болғандығын, солайша оған «қуаныш» деген семантикалық реңк бергендігін айтады. Р. Эскарпит бұл идеяны былайша түйіндейді: «Тапқырлық юмордың әкесі болған. Кейінірек юмор ойұшқырлығынан және өзге де компоненттерден құралды[3, 41]. Көркем образ - өнердің спецификасы мен мәнін айқындайтын маңызды эстетикалық категориялардың бірі. Өнердің өзі көп жағдайда образбен ойлау ретінде түсіндіріледі. Адамдардың әу бастан-ақ нақты образбен ойлағанын, ал абстракты ойлаудың одан кейін пайда болғандығы жөнінде Дж. Вико өзінің «Основания новой науки об общей природе наций» (1725) атты еңбегінде айтқан екен. «Образды ойлау» адамзаттың әлемді тануының негізін құрайды. Демек, көркем образ белгілі бір құбылыстың нақты-сезімді көрініс табу формасы.

Әр халықтың күлкі, қалжың туралы таным-түсінігі әр түрлі, әзілді қабылдау реакциясы да өзгеше. Қазақы қалжың – астары терең, мәдениетті

қалжың. Қазақ халқында күлкінің түрі өте көп. Мәселен, арзан күлкі, дарақы күлкі, орынды күлкі, риясыз күлкі, арсыз күлкі, т.б. Сонымен бірге ешкімге зияны жоқ таза күлкілер болады. Әдебиетте осындай күлкілі, аңғал тіпті кейде әпенделеу кейіпкерлер бар. Мұндай кейіпкерлерді жазушы Дулат Исабековтің прозасынан жиі ұшыратамыз. Д.Исабековтің юморлық образ сомдаудағы қолтаңбасы ешкімге ұқсамайды. «Юморлық образ - күлкілі кейіпкер; юмор - өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі. Күлкі жоқ жерде юмор да жоқ. Ал күлкіні әшейін жеңіл-желпі нәрсе деуге болмайды» [4, 130]. Әңгіме, роман жанрларымен қатар халық ауыз әдебиетіндегі күлкі, әжуа феномендері де бар. Ертегілердегі күлкінің кейбір мәселелері, жан-жануарлардың мінез-құлқы айнымас адам мінезіндей екендігі, олардағы астарлы сықақ мазақтар сипаты да мол екендігі бізге мәлім. Аңыздардағы күлкі психологиясы, жағымды бейнелер - Жиренше шешен, Алдар Көсе, Тазша бала, Қожанасырларға тән ащы сатира, өткір мазақ, әзіл-күлкі, келеке - қазақ күлкісінің табиғи байлығын танытады. Бұл - жай ғана күлкі емес, астарлы күлкі.

Д. Исабековтің «Бонапарттың үйленуі» әңгімесі – оқырманын тосын сюжетімен, тың шешімімен, кейіпкерлерінің әдеттен тыс оспадар, күлкілі қылығымен баурап алатын шығарма. Шығарма басталғаннан-ақ оқырман қолына алған шығарманың зеріктірмесін байқайды. «Балаға ат қоюға келгенде қазақтан өткен «нахал» ешкім жоқ. Олар дүниежүзілік есімдердің қожасындай оның төбесіне шығып отырып алады да, «мынау ананыкі екен, мынау мынаныкі екен» деп бас қатырып жатпай, қайсысы аузына түссе сонысын алып баласына жапсыра салады. Ол есім жақсы ма, жаман ба, қазақ топырағына үйлесе ме, үйлеспей ме, үйлесе қалған күнде дәл соның баласына келісе ме, келіспей ме – онымен ісі де болмайды» [5, 174.] деген жолдарды оқығанда бір езу тартып алған боларсыз.

Автор алғашқы сөйлемнің арқалар жүгі ауыр екенін жақсы біледі. Сондықтан да ауызекі тілде қолданылатын «нахал» деген орыс сөзін қазақтың сол кезеңдегі рухани ахуалын таныту үшін мақсатты түрде қолданып отыр. «...Егер он миллион қазақты аралап шыға алсаңыз дүниежүзіндегі барлық ұлттар мен тайпалардың аттарын түп-түгел кездестіре алатыныңызға кәміл сенемін» [5, 174.] деген сөйлем оқырманын одан сайын ынтықтыра түседі. Бір қарағанда юмордың мақсаты күлдіру сияқты көрінгенімен, оның астарында салмақты ой жатады. Күлдіре отырып ойланту - кез келген қаламгердің қолынан келе беретін оңай шаруа емес. Д. Исабековтің әрбір қалжыңынан, кейіпкерінің аузына салған әзілдерінен халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін, психологиясын тануға болады. Жазушының юморы мен сатирасын ажырату қиын, өйткені, автордың сөйлемі юмормен басталып, сатирамен аяқталып жататын сөйлемдері көп. Сонымен қатар ашулы, ызалы күлкілер болады. Мұндайды сатира дейміз. Латыннан тамыр тартатын сатира ұғымы ерте заманнан ақ белгілі. Сатира – аяусыз сынау, мінеу, сөзбен түйреу. «Сатира садағы», «сатира инесі» деген

тіркестердің шығауының себебі де осында жатса керек.

Д. Исабеков шығармашылығын зерттеуші А.Таңжарықова қаламгер прозасының көркемдік әлеміне арнаған зерттеу еңбегінде: «Жазушы шығармаларында («Ескерткіш», «Бонапарттың үйленуі», «Талахан - 186», «Қара шаңырақ», «Кемпірлер», «Ай Петри ақиқаты», «Шойынқұлақ», т.б. көбіне қоғамды әлеуметтік тікелей айыптау, сынау, мінеу жоқ, керісінше салқынқанды әңгімеші ретінде көрініп, кейіпкерлерін әлеуметтік психологиялық жинақтауға бас ұрады [6, 17], - дейді. «Бүкіл республика шетелдік аттарға біршама тояттап, басын астаудан көтеріп, күйіс қайырып тұрған шақта «Жиделі» колхозына бұл науқан енді ғана жетіп еді. Жалпы, бұл ауылға жаңалық біткен жұрттың ең соңынан жететін әдеті, тіпті, совет үкіметі де Сырдан кешіп өтіп, Алланың уысындағы алыс ауылды табамын дегенше де екі жыл жүрген. Совет үкіметі дегенді бұл ауыл кенеттен естіді» [5, 175]. Сатираға ашық жақтырмау, ызалы күлкі, кейде гипербола, литота тән десек, автор осы сөйлеммен дерексізге жан бітіріп, аяусыз бір шаншып алады.

**Нәтижелер.** Зерттеушілер Дулат Исабеков әңгімесінде қазаққа ғана тән, қазақтың тұрмыс-тіршілігінен, мәдениетінен, салт-санасынан, т.б. ерекшеліктерінен ақпарат беретін сатиралы реалиялар жиі кездесетінін байқаған. «Реалия – белгілі бір ғана ұлттың өміріне, тұрмысына тән олардың материалдық, рухани мәдениеттерін және тарихи-әлеуметтік дамуын көрсететін сөздер мен сөз тіркестері» [7, 190]. Мәселен, «Бес қанат қара үйдің алдында қатпа қара кемпір жайбарақат жабағы жазып отырған, екі атты жерден шыққандай табан асты сау ете қалды. Сау ете қалды да ал кеп бұның аты-жөнін, әкесінің атын, қайдан шыққанын, кімнен туғанын, кіммен тұратынын, саяси көзқарасын, бала-шағасын түп-түгел сұрап шықты. Сұрап болған соң: «енді сіз совет адамы боласыз» деді де, аттарына отырып басқа үйлерге кетті. Қара кемпір түкке түсінбей қалды. Феодализм кезінде түткен жүнін социализм кезінде де жалғастырып, қаннен-қаперсіз отыра берді. Бүтін бір дәуірден бүтін бір дәуірге жүн түтіп отырып-ақ аттап кеткенін ол ойлаған да жоқ» [5, 177]. деген үзіндідегі бес қанат қара үй, қатпа қара кемпір, жабағы жазу, табан асты сау ете қалу, жүн түту сынды тіркестер қазаққа тән, қазақы мінезден, тіршіліктен хабар беретін ұлттық калориялы қолданыстар.

Л.Н. Стефанкованың еңбегіне сүйенсек, «Адамның жас ерекшелігі, гендер, әлеуметтік орта, кезең, мәдениет, өркениет сияқты факторларға байланысты юмор түрлі формаға ие болады [2, 29]. Юмор тек бір ғана саланың аясында қарастырылмайды, ол психология, социология, педагогика, әдебиет теориясы, лингвистика, т.б. сынды антропоэлекті ғылымдардың да зерттеу нысаны бола алады. Аталған ғылымдар юмордың инициаторы кім, ол қандай қызмет атқарады (әлеуметтік, тұлғааралық, идеологиялық, саяси), т.б. ракурстан қарап, юморға академиялық және бейресми анықтама беруге тырысады. Бұл турасында Дж. Фарбер өзінің «Әдебиет пен өзге де өнер

түрлеріндегі юморды зерттеудің теориялық негіздері» атты еңбегінде «Юмор әлдебір тылсым дүние ретінде қала береді. Мүмкін, адамдардың көбі, тіпті гуманитарлық пән оқытушыларының өзі юмор теориясына көп тоқталмайды, оны тек адам өміріндегі бір факт ретінде қарастырады» дейді [8, 68]. Расымен де, қандай да бір қаламгердің шығармаларындағы юморды қарастырғанда юмор теориясының жеткілікті деңгейде зерттелмегендігін байқаймыз.

Д. Исабеков «Бонапарттың үйленуі» әңгімесінде Кеңес кезінде белгілі бір саяси себептермен қазақы салт-дәстүрлердің ұмыт бола бастағанын, адамдардың қазақы атаулардан қашқақтап, орыс немесе шет тілдерден ауысып келген кірме есімдерге құштар болуы «сәнге айналғанын», қоғамдық сананың мәңгүрттену үрдісін анық көрсетеді. «Жазушының қай шығармасын алсақ та – нағыз қазақи өмір, қазақи шынайылық, қазақи тұрмыс-тіршілік, қазақи таным-түсінік, бір сөзбен айтқанда, қазақилықтың иісі аңқып тұрған ұлттық бояуы қанық туындылар [9, 32]. Алайда, жазушы қазақылықты дәріптеуден гөрі қазақтың бойындағы еліктеушілік, аңғалдық, орынсыз ұялшақтық, мақтаншақтық, еріншектік сынды жағымсыз қылықтарды сарказмның сын садағына іліп отырады.

«Сол қатпа қара кемпірдің бүгінгі ұрпағы Әбдәшім қазір осы ауылда падашы. Оның он бір баласы бар, бесеуі қыз, алтауы ұл. Соның алтыншы ұлы, яғни, ұлдан кенжесі туғанда бүкіл ауыл боп оның атын бір ауыздан Бонапарт қойды. Баяғы осы ауылда алғаш пайда болған орысша боқтай алатын мұртты қазақтың бүгінгі ұрпағы бұл баланы осылай атаса өте дұрыс болады деп шешті. Бонапарттың кім екенін біліңкіремей бір топ қиқы-жиқы қазақ дағдарып қалды. «Бонапарт – француз деген елдің патшасы. Олардың күшті әскері болған, бұл соның командирі,– деп дәлелдеді ол ойын» [5, 176]. Бас кейіпкердің есімінің Бонапарт қойылуы да «қазақша есімнен жеріну» үрдісінің тілдегі бір аянышты көрінісі деуге болады. Алайда жазушының осындағы «орысша боқтай алатын мұртты», «бір топ қиқы жиқы қазақ» деген тіркестері сатиралық образға айналып шыға келген.

«Күлкі –наным-сенімдер мен қателіктерге қарсы күресетін ең күшті және тиімді өнер құралдарының бірі. Осындай қуатты құралды қаламына серік етіп, әдебиет әлемінде өмірдің кемшін тартқан тұстарын көрсету үшін, түрлі ұнамсыз көріністер мен мінез-құлықтарды астарлы қалжыңмен сынау мақсатында әзіл-қалжың, жеңіл юморды кеңінен қолданған жазушылар аз емес» [10, 32]. Алайда, Д. Исабеков сол замандағы айдаладағы кішкентай ғана қазақ ауылындағы осындай «жаңаруды» тек есімдердің жаңалануы арқылы ғана көрсетпейді. Бонапарттың «қызығы» мұнымен бітпейді. «Әбдәшімнің сол кенже ұлы үйленетін бопты деген хабар шыққан кезде шағын ауылдың жігіттері бір дүрлігіп қалды. Дүрліккенде, үйленген адамды көрмей жүргендіктен немесе Бонапарттың жігіт болғанына керемет қуанғандықтан емес, просто тойдың арақсыз өтпейтінін ойлап қуанысты. ...Қысқасын айтқанда, бір айдан кейін

келіншек әкелетін боп отырған Бонапарт сүндетке отырғызылмаған боп шықты [5, 178 б.]. Қазақтың арғы бергі заманында баланы сүндетке отырғызуды ұмытушы ма еді? Мұсылман қауымында ата-ананың парызының бірі саналатын бұл міндетті ұмыту – қазақтың қазақылығынан ажырай бастағанын көрсететін трагедия. Автор бір кейіпкер басындағы «ерекше» жағдайды әжуалай, күлкімен көмкере отырып, сол замандағы қазақтың орынсыз дарақылығын, тамырынан ажырап, тектілігін жоғалтып бара жатқанынан қауіптенеді. Осы үзіндіде жазушы «Дүрліккенде, үйленген адамды көрмей жүргендіктен немесе Бонапарттың жігіт болғанына керемет қуанғандықтан емес, просто тойдың арақсыз өтпейтінін ойлап қуанысты» деп аузына арам асты тигізбеген қазақ қауымына арақтың дендеп еніп кеткенін анық көрсетіп кетеді. Түсіне білгенге, түйсіне алғанға бұл да айығуы қиын дерт екені белгілі.

«Сөйтіп, ауылдағы «төтенше комиссияның» шешімі бойынша Бонапарт сүндетке отырғызылатын болды. Ол көп ұзамауы тиіс, бүгін, лажы болса жұмыстан шақырып келіп түске шейін-ақ тындырып тастау керек деп шешілді. –Әбден жазылғанша жатсын, –деді Вьетнамбек Бонапарттың халін өз көзімен көріп тұрып. –Есейген кезде... бұл деген... қиын болады. Нишево! – Ол көзі балпыып жатқан Бонапарттың шашын ұйпалап қойды. –Менің... әйелімнің ағасы... үй... үйленген соң барып нетілген... оған қарағанда сен... сен қайда-а... енді үйленгелі ғана жатсың...»

Жазушы бұл мәтінде әдеби тілдің сөйлеу нормаларына жатпайтын, ауызекі тілге тән қарапайым сөздерді арнайы қолданған. Ғалым Р. Сыздық жазушының бұндай шешімдерге не себепті баратынын былайша түсіндіреді: «Кейіпкерді жазушы әдетте өз заманының немесе өмір сүрген кезеңінің тілімен сөйлетеді, сондай-ақ кейіпкер өзінің мінезіне, алған тәрбиесіне, өскен ортасына, жасына, әлеуметтік орнына сай сөйлеуі қажет» [11, 60]. Дулат Исабековтің аталған әңгімесі көлемі шағын болғанмен, көтерер салмауы ауыр шығарма. Мұнда тек бір ғана Бонапарттың басынан өткен жағдай суреттелмейді. Бонапарт - типтік бейне. Қазақтың біреудің қаңсығын таңсық қылатын мінезін, соқыр сенімін, еліктегіштігін өзіне тән стилімен шынайы бере білген.

Бонапарт бір жеті жатты – жазылмады, екі жеті жатты – жазылмады. Бонапарттың жайы ағайын-туысты шынымен әбігерге түсірді. «Комиссияның» шешімі бойынша Бонапарт молдаға қаралды, кешкілік ақ тауықпен аласталды, қара қой сойылып еті жұртқа таратылды, әулиенің басына түнетілді, үй сыртынан мылтық атылды. Бәрі зая кетті [5, 180 б.]. деген үзінді жоғарыда айтқандарымыздың анық мысалы бола алады. Шарасы таусылған ағайын туыс енді Бонапартты Кашпировскийге қаратпақ болып шешеді. Бүгінгі оқырманға Кашпировский есімі бейтаныс болуы мүмкін. Әңгімедегі Кашпировский кім? Кезінде теледидардан Кашпировский деген психотерапевт, қазақтардың арасына керемет емші ретінде танылған адам.

– Бір сағаттан соң орталық телевизиядан Кашпировскийдің сеансы беріледі. Ол деген нағыз әулие. Қырық жыл жатқан салды орнынан тұрғызып, таздарға шаш шығарып жатыр. Телевизорды Бонапарт жатқан үйге шығарайық. ...Кашпировский сөзін жалғастырды: «Мен аурулардың атын атамаймын. Менің сөздерімдегі белгісіз құдірет ауру атаулының бәрін өзі тауып жатады. Сеанс кезінде сіздер ештеңе ойламаңыздар, бойдағы кесел жайлы ұмытып кетуіңізге де болады. Сонда да сеанс құдіреті ауруды өзі іздеп табады...»

– Тұмшалап жауып апсың, ашып отыр, ашып отыршы, – деді Масақбай Бонапарттың үстіндегі жұқа көрпені төмен ысырып. –Ұялма. Еркектер ғана отырмыз ғой. Во, осылай...Ол Бонапартты жалаңаштап қойды.

...Әбдәшімнің үй-іші мен жақын туыстары Бонапарттың аман-есен жазылғанына қатты қуанып, Аллаға разылық білдіріп жұма намаз күні қара тоқты сойып той жасады. «Әуелі құдай, сонан соң Кашпировский! –деп Масақбай өзеуреп қоймады. –Оған телеграмма жолдамасаң адамгершіліктен айрыламыз». Кашпировскийге телеграмма жолданды кетті [5, 182 б.].

1990-2000 жылдарда Қазақстанның бар аймағына дерлік Кашпировский есімі мәшһүр болды. Дертiнен айыққысы келген көп қазақ теледидар алдына телмiрiп, соның жүргiзгер сеанстарын асыға күттi, қатысты, талай «мұғжизаға» куә болды. Қазақтың кей кейде бала сияқты көрiнген нәрсеге сенетiнiн автор осы бiр ғана Кашпировский емi арқылы аямай сынап өтедi. Әдебиеттегi юмор бейтарап термин ретiнде жағымды әрi жағымсыз коннотацияға ие. Ол кейде пародия, комедия, сатира, фарс сияқты әдеби жанрларды басып озып кетiп жатады. Юмордың мүмкiндiгiнiң молдығына қарай оның вербалды юмор, қара юмор, интеллектуалды юмор сияқты түрлерi жиi айтылады. Бұл тұрғыдан қарағанда, Д. Исабеков шығармаларында жиi кездесетiн юмордың бiрi - интеллектуалды юмор. Интеллектуалды юмор - нәзiк юмор. Интеллектуалды юмор деп қиялы ұшқыр, ойы терең, мәдениетi биiк адамдардың юморын айтамыз. Юмордың мұндай түрi атақты ойшылдардың еңбектерi мен қарымды қаламгерлердiң естелiк жазбаларынан жиi кездеседi. Зерттеушiлер Сократтың ойларын, Крыловтың мысалдарын, Линкольнның қанатты сөздерiн интеллектуалдық юмор барын байқаған. Қазақ әдебиетiндегi Қадыр Мырзалиевтiң қалжыңдарын, С. Адамбаевтың айтқандарын, Д.Исабеков шығармаларындағы кейiпкер аузындағы юморларды т.б. осы қатарға қосуға болады.

Әңгiмедегi бас кейiпкер – Бонапарттың портретiн сатиралық портрет деуге болады. Бонапарттың Кашпировскийге жазған «Аса құрметтi Анатолий Михайлович! Сiз – жер бетiндегi ең ұлы адамсыз. Сiзге дүниежүзiндегi әрбiр үй есiгiнiң алдына бiр-бiр ескерткiш қоюлары керек. Мен, Бонапарт, әке-шешемнiң салақтығынан үйленуге бiр ай қалғанда сүндетке отырғызылып едiм. Есебiмiз бойынша ары кеткенде бiр жарым жетiден соң жазылып, үйленуге жарап қалуым керек едi. Бiрақ жағдай бiз ойлағандай болмай шықты. Терiм жаман ба, әлде Рәт ақсақалдың ұстарасы дезинфекцияланбаған ба, сүндетiм үш жетiде де

жазылмай қойды. Құдалар мен қалыңдығымның алдында енді масқара болғалы тұрған жерімде сіз мені құтқарып алдыңыз. Сіздің бір сеансыңыздан соң мен құлан-таза сауығып, атқа мініп шабатын болдым. Екі күннен соң қалыңдығымды әкелуге барамын. Сізге мың да бір рахмет. Қолыңыз тисе біздің ауылға келіңіз. Сізге табынушы — Бонапарт» деген хатынан Бонапарттың жасы жеткенмен, ақылы жетпей қалған аңғал саңғал болмысы, оның әке шешесінің салғырттығы, сол кездегі қазақ ауылындағы «Аңқау елге арамза молдалардың» әрекетін байқаймыз. Мұндағы психологиялық деталь мен гротестік, гипербола сынды көркемдік құралдар, авторлық ремаркалар, кейіпкер монологтары, кейіпкер репликасы комикалық әдістерге негізделген. А.В.Карасик юмордың қарым -қатынастың маңызды компоненті екендігін айта келе оның лингвистикалық әдебиетте әлі де толықтай зерттеліп бітпегендігін айтады [12, 23]. Аталған мақаланы жазу барысында юмор мен сатираның көркем қолданысының әлі де кешенді зерттеуді қажет ететіндігін байқадық. Сондай –ақ, Ресей тіл білімінде юморды күнделікті бейресми орынды қолданудың тиімді элементі ретінде зерттеулердің молдығын айта кетуге болады [13, 7].

**Қорытынды.** Дулат Исабеков шығармашылығына тән қасиеттердің бірі - юмор мен сатираны ұтымды қолдану. «Бонапарттың үйленуі» әңгімесінде қаламгер дәстүрден алшақтаған қазақ қоғамындағы кейбір келеңсіз оқиғаларды, адамдардың кез- келген нәрсеге оңай сенетін аңғал мінезін юморды шебер қолдану арқылы көрсете білген. Жазушының сюжет құраудағы ізденісі, оқиғалардың бір -бірімен қиысып, оқырманын еліктіріп әкететіндігі, ой, сөз тапқырлығы әңгімеден анық байқалады.

«Арада он күн өткен соң Әбдәшімнің жұртында қалған қараша үйдің сыртқы жағына қылжақбас жігіттер мынандай жазуы бар тақта іліп кетіпті: «Бұл үйде 1989 жылы 8 июль мен 28 июль аралығында Бонапарт сүндетке отырғызылған». Бұл жазуды көрген адам күлмей өтпейтін болды кетті [5, 183 б.]. Оқырманын күлдірте басталған әңгіме осылайшы күлдірте отырып аяқталады. Алайда, оқырман құр күліп қоймайды, ойланады. Жазушының юмор мен сатираны қолданудағы мақсаты да осы болса керек.

### Әдебиеттер

1. Нұрпейісов Ә. Исабеков әлемі // Қазақ әдебиеті, № 9 (87), - 2017
2. Стефанкова Л.Н. История становления концепта "юмор" в аспекте его отграничения от смежных явлений // Филологические науки. Вопросы теории и практики, № 10 (40) – 2014.
3. Основы литературоведения. Под редакцией В.П. Мещерякова. – Москва; Дрофа, 2003. – 343с.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Санат, 2002. – 465 б.
5. Исабеков Д. Бонапарттың үйленуі: Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, - 2002. – 257 б.

6. Таңжарықова А.В. Д. Исабеков прозасының көркемдік әлемі. Кандидаттық диссертация. Алматы, 2008. – 372б.

7. Әлметова Ә.С. Лингвомәдениеттану негіздері: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, 2014. – 316 б.

8. Farber J. Toward a theoretical framework for the study of humor in literature and the other arts // Journal of Aesthetic Education. № 41(4), - 2007. P. 67-86. DOI: [10.1353/jae.2007.0035](https://doi.org/10.1353/jae.2007.0035)

9. Аккузова А.А. Д. Исабековтің мәтіндерінде қолданылған рухани құндылықтарды бейнелейтін тілдік деректердің коммуникативтік мәні: Халықаралық «Әл-Фараби философиясы: мәдениет, тіл және әдебиет» конференция материалдары– Алматы, 2020. – 31-39 бб.

10. Тағудретова Б.Б. Жазушы Мархабат Байғұттың юморлық шеберлігі// Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. N1, 2023. –Б. 261-266. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.21>

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, - 2014. – 296 б.

2. Карасик А. В. Лингвокультурные характеристики английского юмора. - Волгоград, 2001.

3. Сергеев А.А, Макарова Л.С, Одинцова Л.А. Исследование чувства юмора как элемента неформальной коммуникации // Вестник Волгоградского Государственного университета, № 2 (4), - 2012.

### **Б.Д. КЕРИМБЕКОВА**

Университет Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

### **ЮМОР И САТИРА В ПРОЗЕ ДУЛАТА ИСАБЕКОВА (по повести "Женитьба Бонапарта")**

**Аннотация.** В данной статье автор обращает внимание на творчество, уровень исследованности и особый почерк текста выдающегося казахстанского писателя Дулата Исабекова а также рассматриваются работы относительно описания характера человека в прозе автора делая отсылки на разные мнения. Широко рассматриваются исследования о творчестве Д.Исабекова и проводится оценка уровня исследованности, отвечая при этом на вопрос с какой стороны подходить к изучению его работ. Для этого автор обращает главное внимание на юмор и сатиру в рассказе "Женитьба Бонапарта" писателя и драматурга Д. Исабекова. Если говорить более подробно, то проводится теоретический анализ того как автор описывает и раскрывает душу, характер и натуру человека как средство используя для этого юмор и сатиру. В этом плане четко видна актуальность статьи.

Цель исследования – привести примеры и определить потенциал



раскрытия персонажей через юмор и сатиру. Автор статьи показывает на примерах как цель юмора бывает не только в том, чтобы рассмешить читателя, а зачастую имеет важный посыл. В статье явно раскрыто как не похожи друг на друга персонажи Д. Исабекова и как видна в них психология народа.

Методологические и теоретические основы исследования были определены методологическими принципами, с филологической точки зрения в области научно-теоретических исследований и литературоведения были основаны на определениях юмора, сатиры, сатирического образа и характера персонажей и принципов авторства. Практический смысл работы значителен для исследователей и обучающихся в сфере филологий.

**Ключевые слова:** литература, проза, сатира, юмор, характер, образ

**B. D. KERIMBEKOVA**

Suleiman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

**HUMOR AND SATIRE IN THE PROSE OF DULAT ISABEKOV  
(based on the story "The Marriage of Bonaparte")**

**Annotation.** In this article, author draws attention to the works, the level of research and the special writing style of the outstanding Kazakhstani writer Dulat Isabekov, and also considers his works on describing the character of a person in the author's prose, making references to different opinions. Author widely considers studies on the work of D. Isabekov an assessment of the level of research carried out, while answering the question how to approach the study of his work. To do this, the author focuses on humor and satire in the story "The Marriage of Bonaparte" by the writer and playwright D. Isabekov. In more detail, a theoretical analysis is carried out of how the author describes and reveals the soul, character and nature of a person by using humor and satire. In this regard, the relevance of the article is clear.

The purpose of the study is to give examples and determine the potential for revealing characters through humor and satire. The author of the article shows examples how the purpose of humor is not only to make the reader laugh, but often has an important message in it. The article clearly reveals how different the characters of D. Isabekov are from each other and how the psychology of the people can be seen in them.

The methodological and theoretical foundations of the study were determined by methodological principles, from a philological point of view in the field of scientific and theoretical research and literary criticism, they were based on the definitions of humor, satire, the satirical image and the principles of authorship. The practical meaning of the work is significant for researchers and students of philology.

**Keywords:** literature, prose, satire, humor, character, image

### References

1. Nūrpeisov Ä. İsabekov älemi // Qazaq ädebieti, № 9 (87), - 2017.
2. Stefankova L.N. Istorija stanovlenija koncepta "jumor" v aspekte ego otgranichenija ot smezhnyh javlenij // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki, № 10 (40) – 2014.
3. Osnovy literaturovedenija. Pod redakciej V.P. Meshherjakova. – Moskva; Drofa, 2003. – 343s.
4. Qabdolov Z. Söz öneri. - Almaty: Sanat, 2002. – 465 b. 2.
5. İsabekov D. Bonaparttyñ üilenui: Äñgimeler. – Almaty: Jazuşy, - 2002 . – 257 b.
6. Tañjaryqova A.V. D. İsabekov prozasynyñ körkemdik älemi. Kandidattyq disertasia. Almaty, 2008. – 372b.
7. Älmetova Ä.S. Lingvomädeniettanu negızderı: Joğary oqu oryndary studentterine arnalğan oqu qūraly. – Almaty, 2014. – 316 b.
8. Farber J. Toward a theoretical framework for the study of humor in literature and the other arts // Journal of Aesthetic Education. № 41(4), - 2007. P. 67-86. DOI: [10.1353/jae.2007.0035](https://doi.org/10.1353/jae.2007.0035)
9. Akkuzova A.A. D. İsabekovtıñ mätinderinde qoldanylğan ruhani qūndylyqtardy beineleitın tıdık derekterdıñ komunikativtik mäni: Halyqaralyq «Äl-Farabi filosofiasy: mädeniet, til jäne ädebiet» konferensia materialdary– Almaty, 2020. – 31-39 bb.
10. Tagudretova B.B. Jazuşy Marhabat Baiğüttyñ iumorlyq şeberligi // Eurazia gumanitarlyq instituty habarşysy. N1, 2023. –B. 261-266. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.21>
11. Syzdyq R. Söz qūdireti. Köptomdyq şyğarmalar jinağy. – Almaty: El-şejire, - 2014. – 296 b.
12. Karasik A.V. Lingvokul'turnye harakteristiki anglijskogo jumora. - Volgograd, 2001.
13. Sergeev A.A, Makarova L.S, Odincova L.A. Issledovanie chuvstva jumora kak jelementa neformal'noj kommunikacii// Vestnik Volgogradskogo Gosudarstvennogo universiteta, № 2 (4), - 2012.

#### **Автор жайлы мәлімет:**

**Керімбекова Баян Дәулетханқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Сулейман Демирель университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

**Керімбекова Баян Даулеткановна** – кандидат филологических наук, профессор университета Сулеймана Демиреля, Алматы, Казахстан.

**Kerimbekova Bayan Dauletkhanovna** – candidate of philological sciences, Professor of Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan.